

ҰЙЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Білім беру саласындағы серіктестік

16 наурыз 2021 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» атынан басшының міндетін атқарушы С.М.Дауешова мен Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы атынан директор міндетін атқарушы Д.Ұ.Жаманбаева (бұдан әрі жеке-жеке «Тарап» және бірге «Тараптар» деп аталатындар) арасындағы әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды дамыта отырып, «ОҚУҒА КҮШТАР МЕКТЕП» жобасын жүзеге асырудағы ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Жалпы шарттары

1. Тараптар осы Меморандумның және ҚР заңнаманың, қағидалардың, нормалардың шарттарына сәйкес ақпарат тарату мен білім беру саласындағы шеберлік пен шығармашылықты арттыруды, білім беру ұйымдары жүргізетін іс-шараларды қолдаудағы ынтымақтастықты нығайтуға, ілгерілетуге, білім беру саласындағы жобаны дамытуға үлес қосуға келісті.
2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» мен Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы арасындағы ақпараттық материалдар, өткізілген және ұйымдастырылған шаралар орталық сайттары мен әлеуметтік желілер арқылы насихатталады.

2-бап. Ынтымақтастық аясы

1. Әрбір тарап білім беру саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету және ынтыландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға ұмтылады;
 - а) Тараптар үшін өзара пайдалы болып табылатын бағдарламалар бойынша кәсіби байланыс және ақпараттық қолдау;
 - ә) Білім беру технологиялары мен жаңалықтары туралы ақпарат алмасу;
 - б) Оқу әдебиеттерімен, оқу құралдарымен, ақпарат материалдарымен алмасу, бірлескен кең көлемді жаңа форматтағы шаралар мен семинарлар ұйымдастыру;
 - в) Республика көлемінде жүзеге асырылып жатқан «ОҚУҒА КҮШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында өзара қолдау.

3-бап. Бірлескен іс-шаралар өткізу

1. Бірлескен ақпараттық науқандар, іс-шаралар өткізу және материалдарды тарату арқылы білім беру ұйымдарын хабардар ету.

4-бап. Үшінші тараптардың қатысуы

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың келісімі бойынша осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен жобаларға немесе бағдарламаларға үшінші Тараптың қатысуын ұсына алады. Осындай бірлескен жобалар мен бағдарламаларды өткізу кезінде қатысушылар үшінші Тараптың осы Меморандумның ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

5-бап. Құпиялылық

1. Әрбір тарап осы Меморандум немесе осы Меморандумға сәйкес қабылданған кез келген басқа келісімдерді іске асыру кезеңінде басқа Тараптан алынған немесе ұсынылған құжаттардың, ақпараттардың және өзге де деректердің таратылмауын және құпиялылығын сақтайды.
2. Екі Тарап осы баптың ережелері осы Меморандум қолданысының тоқтатылуына қарамастан, екі Тарап арасында өзінің қолданысын жалғастырады деп келіседі.

6-бап. Тоқтату

1. Әрбір Тарап ұлттық қауіпсіздік, мүдде, қоғамдық тәртіп немесе денсаулық ұғымдарына байланысты осы Меморандумның қолданысын толық немесе ішінара уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады, ондағы тоқтата тұру екінші Тарапқа хабарланғаннан кейін дереу күшіне енеді.



7-бап. Дауларды реттеу



1. Осы Меморандумның кез келген ережелерін түсіндіруге немесе іске асыруға қатысты Тараптар арасындағы кез келген келіспеушіліктер немесе даулар қандай да бір үшінші тарапқа сілтеме жасалмастан, Тараптар арасында дипломатиялық негізде және өзара кенестер немесе келіссөздер негізінде бейбіт жолмен шешілуі тиіс.
2. Тараптар арасындағы кез келген келіспеушіліктер немесе даулар бейбіт жолмен шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда ҚР Заңы негізінде шешімін табады.

8-бап. Бірлескен іс-шаралар өткізу

1. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бір (1) жыл бойы күшінде болады, егер өзгеріс енгізілмесе келесі жылдық кезеңге ұзартылады.
2. Осы баптың ережелеріне қарамастан, Тараптардың кез келгені Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа осындай ниетті жүзеге асыруға дейін кемінде жеті (7) күн бұрын жазбаша нысанда хабарлап тоқтата алады.

Осыны куәландыру үшін уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Меморандумға қол қойды.

Басшының м.а.  С.М. Дауешова

16.03.2021 ж.

Директор м.а.  Д.Ұ. Жаманбаева


«Келісілді»

Ақтөбе облыстық ғылыми-
тәжірибелік орталығы директорының м.а.

Д.У.Жамаубаева

« 1 » 03 2021 ж.

«Келісілді»

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

«Білім беруді жаңғырту

орталығы» МКҚК басшысының м.а.

С. Дауешова

« 1 » 03 2021 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының
Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығымен 2021 жылғы бірлескен
жұмыс жоспары

№.№	Іс-шара	Аяқталу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
I. Ұйымдар арасындағы ынтымақтастық				
1	Меморандумға қол қою	меморандум	наурыз	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
2	Жылдық жұмыс жоспарын бекіту	жұмыс жоспары	наурыз	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
3	«ОҚУҒА ҚҰШТАР АЙМАҚ» ынтымақтастық аясында үздік тәжірибе тарату	ашық есік күні	маусым	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
4	«ОҚУҒА ҚҰШТАР АЙМАҚ» ынтымақтастық аясында үздік тәжірибе тарату	ашық есік күні	шілде	Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
II. Аймақтардағы оқушылардың оқу белсенділігін ұйымдастыру және «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында бірлескен жұмыс				
5	«ASYL SOZ» жобасы (меморандум аясында жобаны пайдалануға ұсыну)	сабақтастық	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
6	«Жас оқырман күнделігі» «ASYL SOZ» жобасы аясында ақынмен жүздесу челленджі (балалар әдебиетінің жазушылары және кітаптармен алмасу арқылы челленджді	челлендж	жыл бойы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді

	жүргізу)			жаңғырту орталығы
7	«Елордалық электронды мектеп» жобасы (Ақтөбе облысы мектеп кітапханашыларының үздік кітапханалық сабақтарын жариялау)	кітапханалық сабақтар	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
8	«Оқырман достар» фестивалі	ақпарат	мамыр	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
9	Халық ағартушысы Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай «Ы.Алтынсариннің еңбегі және заманауи біліммен сабақтастығы» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы	ақпарат	қыркүйек	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
10	«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысының аясында «Ақпараттық әлемдегі кітаптың рөлі» тақырыбында пікірталасы	ақпарат	қараша	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
11	#PEDAGOGIKALYQTAJIRIBEALANY – жобасы (кітапхана қызметінің майталмандарымен тікелей эфирдегі сұхбат)	тікелей эфир	желтоқсан	Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы
12	«Мен оқығанды ұнатамын» көркем әдеби кітаптарды оқуды дамыту (меморандум аясында жобаны пайдалануға ұсыну)	сабақтастық	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 50 мектеп-лицейі
13	«Bookstart» жобасы (меморандум аясында жобаны пайдалануға ұсыну)	сабақтастық	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 54 мектеп-лицейі
14	Кітапқұмарлар клубы (меморандум аясында жобаны пайдалануға ұсыну)	сабақтастық	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 56 мектеп-лицейі
15	«Bookworld» танымдық бағдарламасы (оқыған кітабы бойынша оқушылармен және мұғалімдердің пікір алмасуы)	бағдарлама	айына бір рет	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 67 мектеп-гимназиясы
III. Ақпараттық-басылым қызметі				
16	Республикалық мерзімді баспасөз басылымдары: ақпараттық «Елорда білімі» газеті, «Астаналық әдістеме» әдістемелік журналы (Ақтөбе облысы педагогтерінің мақалаларын қабылдау)	мақала	жыл бойы	Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы

Ескерту: жоспарға өзгерту мен толықтырулар енгізілуі мүмкін